



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2025 ж. №66-5

Ералиев ауылы

«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңестің жұмысын
ұйымдастырудың үлгілік
қағидалары негізінде
кеңес құрамын құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-ҮІ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 – бабын басшылыққа ала отырып, педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиеттерін құрметтеу қағидаттарын сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде мектепте төмендегідей құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын:

1. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес төрайымы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мусеева Маржангул Ануарқызы
Кеңес мүшелері:

1. Кәсіподақ төрайымы - Жарылғапова Гулшат Бахтияровна
2. Биология пәнінің мұғалімі – Кожабоева Бейсенкул Максұтовна
3. Бастауыш сынып мұғалімі – Темешбаева Рымжан Есенгельдиевна
4. Зейнеткер ұстаз – Назымбекова Гулдарай
5. Зейнеткер ұстаз – Жумагулова Айткул Аягановна
6. Ата-ана - Ордабаева Кулпад
7. Ата-ана – Алашбаева Бибіғайша

2. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау жауапкершілігін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Құтжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры: **Алин Д.Г.**

Таныстым:
А.Құтжанова

Орындаған: Байдулатова А
8(710-30)-2-95-16
zhnr-mektep@alibaev.edu.kz



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

№	Негізгі іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіш/нәтиже
1.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025-2026 жылға арналған қызмет жоспарын әзірлеу және бекіту	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы, директор	қыркүйек	Жоспар
2.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025-2026 жылға арналған отырыстары	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Тоқсанынша 1 рет	Хаттама
3.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің №1 отырысы: 1. 2024-2025 оқу жылындағы ПӘК қызметі туралы есеп; 2. Педагогтердің 2025-2026 оқу жылға арналған педагогикалық міндеттерін бекіту 3. Педагогикалық этика нормалары және ережелерін сақтау міндеті	төрайымы	қыркүйек	№1 хаттама
		директор		Есеп
		Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Бұйрық
				Баяндама
4.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы 1. №1 отырыстың шешімдерін орындау туралы; 2. Ұжымда педагогикалық әдепті сақтау және сөйлеу мәдениеті туралы 3. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы	төрайымы	қараша	№2 хаттама
		Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		
		Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері		Баяндама
				Ақпарат
5.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы	төрайымы		№3 хаттама

6.	1. № 2 отырыс шешімдерін орындау;		кантар		Есеп
	2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп	төрайымы			
	3. «Мұғалім әдебі» мұғалім мен оқушы арасындағы қарым- қатынас жайлы мектепке қабылданған жас мамандармен әңгімелесу нәтижелері туралы	Директор, төрайымы			Ақпараттық қолдау
	4. Қағидалардың педагогикалық этикасы туралы материалдар мен ақпаратты мектеп сайтында орналастыру туралы	хатшы			Сайт
	5. «Өзінді- өзің тәрбиелеу жолдары»	Директор, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері			Баяндама
	6. Кәсіби мәдениеттегі этикет: мұғалімнің сыртқы келбеті және педагогикалық әдептілік	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері, директор			Баяндама, ақпараттық қолдау
6.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 4 отырысы:		сәуір		№ 4 хаттама
	1. № 3 отырыстың шешімдерін орындау туралы;	төрайымы			
	2. Педагогтардың әлеуметтік желіде және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.	директор			
	3. Білім беруде оқушы, ата-ана мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығы.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері			
7.	4. Педагогикалық ұжымдағы жанжалдардың алдын алу және шешу. Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас этикасы.	психологтар	сәуір		Ақпараттық қолдау
	Педагогикалық ұжымның (сондай-ақ	Педагогикалық әдеп			Сауалнама, өңделген

	оқушылардың)педагогикалық этика бойынша сақталуы мәселелері бойынша сауалнама жүргізу	жөніндегі кеңестің мүшелері, сынып жетекшілері		нәтижелер
8.	Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	мамыр	Ақпараттық қолдау, сауалнамалар, нәтижелер
9.	Мектептің ресми сайтында жариялау арқылы құжаттардың, ақпараттық анықтамалардың, шешімдердің және оларға сәйкес материалдардың жобалары бойынша шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Оқу жылы ішінде	сайт
10.	Оқушылардың ата-аналарын мектептің педагогикалық ұжымымен өткізілген іс-шаралар туралы педагогтердің педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын орындауы және сақтауы туралы мерзімді хабардар ету.	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Оқу жылы ішінде	Мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланған іс-шаралар туралы есеп
11.	Педагогикалық әдеп бойынша кезектен тыс отырыстарды ұйымдастыру және өткізу - педагогикалық әдептің бұзылуын анықтаған кезде; - өтініштерді қарау және тараптардың татуласуы	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері	Түсуіне қарай	Өткізілген отырыстар мен хаттамалар

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**

15. 09. 2025 жыл

Қатысқандар: 45

Күн тәртібінде

1. 2024-2025 оқу жылындағы ПӘК қызметі туралы есеп
2. Педагогтердің 20245-2026 оқу жылға арналған педагогикалық міндеттерін бекіту;
3. Педагогикалық этика нормалары және ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды: 1.1. 2024-2025 оқу жылындағы ПӘК қызметі туралы есеп

Сөйледі: 1.1 Пед. әдеп кеңесінің төрайымы-М.А.Мусеева

-Сәлеметсіздер ме, әріптестер? Жаңа оқу жылдарыңыз құтты болсын!
Мектебімізде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметін «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының нормалары негізінде ұйымдастырады. Кеңес мүшелері 7 адамнан тұрады. Бір оқу жылында тоқсанына 1 рет, жылына 4 рет кеңес отырысы өтіліп отырады. Мектебімізде барлығы 58 педагог қызметкер жұмыс істейді. Жалпы кеңес отырысында жоспар бойынша белгіленген баяндамалар оқылып, пікірлер талқыланып отырады. Сонымен қатар, алғашқы отырыста кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері жайлы айтылса, одан кейінгі отырыстарда «Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті», «Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті», «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» т.б. тақырыптарда баяндамалар тыңдалды. Мектебіміздегі жас мамандарға оқушылармен ортақ тіл табысу, ынтымақтастық қарым-қатынас жасай білу жайлы орта, жоғарғы буын мұғалімдеріміз ақыл, кеңестерін беріп отырады. Әр мұғалім өз жұмысына тиянақты қарап, жұмысын атқарып келеді. Бүгінгі күнде әр педагог қызметкер өзара сыйластықты берік ұстанған, білімді де жаңашыл ұстаздар.

Тыңдалды: 2.1

Сөйледі: 2.1 Мектеп директоры Алин Д

-Құрметті ұстаздар, Жаңа оқу жылдарыңыз құтты болсын! Педагогикалық әдеп — мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Алғашқы екі көзқарас бойынша педагогикалық әдеп мұғалімнің оқушыларға деген сүйіспеншілігі, олармен сыпайы қарым-қатынасы, олардың қадірін біліп сыйлауы, қайырымдылық, ілтипаттылық, кеңпейілділік, шынайылық,

ұстамдылық, байсалдылық, сенімділік сияқты мінез сипаттары және қасиеттері қатарында қарастырылады.

Үшінші көзқарас бойынша педагогикалық әдеп оқушылармен қажетті қарым-қатынастар орнату және оны сол қалпында ұстай білудегі арнайы кәсіби іскерлік ретінде қарастырылады. Оған жалпы педагогикалық амал-тәсілдердің едәуір бөлігі, жекелеп айтқанда педагогтық техника да енеді. Сондай-ақ, әдеттегідей биылғы оқу жылында да оқу жүктемесінен бөлек, қоғамдық міндеттер де беріледі. Әрқайсымыз сол берілген тапсырманы жауапкершілікпен атқарайық деп айтқым келеді.

Тындалды: 3.1. Педагогикалық этика нормалары және ережелерін сақтау міндеті

Сөйледі: 3.1. Жантұрсынова К

Педагогикалық этика деген кең ауқымды мағына. Ұстаз деген абройлы атаққа лайықты болу үшін- мұғалім жан- жақты білімді болып қана қоймай, әділ де әдепті, қарапайым да кішіпейіл, бауырмал да қайырымды, қысқасы, жоғары саналы азамат болуы тиіс деген сөз. Мәдени қарым-қатынас ережелерін сақтау; Қарым-қатынасыңызды этикалық нормаларға негіздеу; Балаға жоғары талаптар қоймау; Балаға дауыс көтермеу; Дөрекі сөздерді болдырмау; Оқушының жеке басына құрмет көрсету. Осы бағыттардың барлығы педагогикалық этика ұғымын құрайды.

Шешім етті:

1. 2024-2025 оқу жылындағы ПӘК қызметі туралы есеп қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Педагогтердің 2025-2026 оқу жылға арналған педагогикалық міндеттерін орындау әрбір мұғалімге міндеттелінсін;
3. Ұжымда педагогикалық этика нормалары және ережелерін сақтау әр педагогке міндеттелінсін.

Жиналыс төрағасы:  Мусеева.М. А

Хатшысы:  Байдулатова А

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

16. 11. 2025 жыл

Қатысқандар: 44

Күн тәртібінде

1. №1 отырыстың шешімдерін орындау туралы;
2. Ұжымда педагогикалық әдепті сақтау және сөйлеу мәдениеті туралы
3. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы

Тыңдалды: 1.1

Сөйледі: 1.1 Пед. әдеп кеңесінің төрайымы-М.А.Мусеева

-Сәлеметсіздер ме, әріптестер! Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің өткен отырысында кеңес шешімдері орындалды. Әрбір педагогке өздерінің функционалдық міндеттері таныстырылды, міндеттері бекітілді. Биылғы оқу жылында да табыс тілеймін!

Тыңдалды:2.1

Сөйледі:2.1 Желібаева Н

Мұғалім – шәкірт атаулыға үлгі болып өмірінің санаулы үлгі болып жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп және бағдар сілтеуші баланы адамгершілік, ақыл-ой, еңбек сүйгіштікке, сұлулыққа және сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Мәдениет ақыл-ойдың кендігі жалпы адамның сөз саптауынан жақсы байқалады. Сөйлеу мәдениетіне жетпейінше ақыл-ой мәдениетіне жету қиын Мұғалім қызметінде бұл жай қарым-қатынас емес, кәсіпшілік, іскерлік қарымқатынас екені әр кез есте сақтау қажет. Балаларды шынайы жақсы көре білу арқылы ғана педагогикалық процестің бүкіл мәні байқалады. Бұл тұрғыда В.А.Сухомлинский былай дейді: «Тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен адам жүрегін баулып алумен көрінеді». Ұстаздың оқушылармен қарым-қатынасын жасауда қолданатын сөздер неше түрлі болып келеді. Оларды балаға әсер ететін негізіне байланысты 2-ге бөлуге болады:

1. Сөйлескендегі сөздің көбі ақыл-кеңес беру жөнінде айтылады.
2. Кейде балаға осы сияқты сөздер жетпегенде, оған қатты талапқойып, қолданылатын сөздер міндетті түрде бұйрық ретінде қолданады Педагог педагогикалық қарым-қатынас заңдылықтарын біліп, коммуникативті қабілеттері мен қарым-қатынас мәдениеті болуы керек. Педагогикалық қарым-қатынас жеке тұлғаны тану, ақпарат алмасу, іс-әрекетті ұйымдастыру, рөлдермен алмасу, эмпатия және өзін-өзі растау функцияларын орындайды. Мектептегі екі негізгі тұлға – педагог және оқушы. Олардың сабақта, сыныптан тыс жұмыстарда, бос уақытта қарым-қатынасы оқу процесінің тиімділігінің маңызды шартына, оқушының жеке басын қалыптастыру құралына айналады.

Қазіргі білім беру жүйесі педагогтің рөлін айтарлықтай өзгертті және қиындатты. Қазір ол тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыратын және бағыттайтын адам. Бүгінгі таңда «педагог-оқушы» ынтымақтастық парадигмасы ескірді және «адам-адам» жаңа келбетін қабылдады. Бұл олардың өзара әрекеттесуінің барлық әлеуметтік-психологиялық аспектісі өзгередінін білдіреді. Әдетте, осы әртүрліліктің ішінде үш негізгі компонентті бөліп көрсету керек: мазмұнды, әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық, дәлірек айтқанда – қарым-қатынас компоненті. Ол өте маңызды. Өйткені, ең қызықты және дамып келе жатқан дидактикалық материалдар, оқыту мен тәрбиелеудің ең прогрессивті әдістері тиісті педагогикалық қарым-қатынас аясында қолданылған кезде ғана жүзеге асады.

Тыңалды: 3.1

Сөйледі: 3.1. ДТІ ЖО-Құтжанова А.А


Сыбайлас жемқорлық – билікті немесе лауазымдық өкілеттікті жеке бас мүддесі үшін теріс пайдалану. Ол парақорлық, артықшылық, қаражатты заңсыз иемдену, ақпаратты жасыру, кері қайтару, непотизм және т.б. көрініс беруі мүмкін. Бұл зиянды, себебі мемлекеттік институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді, экономиканы әлсіретеді, теңсіздікке әкеледі, қызмет пен тұрмыс сапасын төмендетеді.

Бұл Қазақстан үшін неліктен маңызды? Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде танылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту осы саясаттың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Біз, ұстаздар қауымы, оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің міндеттерін біліп, оны жастардың санасына жеткізуіміз қажет. Егер жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қабылдаса, бұл көзқарастар өз жалғасын табады. Өмір сүру деңгейінің нашарлауы, сыбайлас жемқорлық тиімсіздікке, ресурстардың жоғалуына және кедейлікке әкеледі. Үкіметке деген сенімнің төмендеуі: цинизм, апатия және азаматтық белсенділіктің төмендеуі дамиды. Қоғам үшін, инвестициялардың азаюы, таланттардың азаюы, теңсіздіктің артуы және әлеуметтік сенімсіздік әкеліп соғады. Біздер, өз ісіне адал қызмет ететін, өз ұстанымы бар, академиялық адалдықты басты назарда ұстайтын, елінің келешегін ойлайтын талантты, білімді жастарды тәрбиелеп, оқытып жатқанымызды ұмытпайық!

Шешім етті:

1. педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы қанағаттанарлық деп танылсын;
- 2 Ұжымдағы педагогикалық әдеп пен өзара қарым-қатынас мәдениетін сақтау әр педагогке міндеттелінсін;

3. Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы берілген ақпараттар үнемі назарға алынсын;

Жиналыс төрағасы:  Мусеева М
Хатшысы:  Байдулатова А

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-сінің «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының нормаларын және педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөнінде кеңесте жүргізілген жұмыстары туралы ақпарат.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

Мектебімізде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметін «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының нормалары негізінде ұйымдастырады. Кеңес мүшелері 7 адамнан тұрады. Жалпы кеңес отырысында жоспар бойынша белгіленген баяндамалар оқылып, пікірлер талқыланып отырады. Бір оқу жылында тоқсанына 1 рет, жылына 4 рет кеңес отырысы өтіліп отырады. 2024-2025 оқу жылында 1-отырыс 18.09.2024 ж «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы, жұмыс қағидалары педагогикалық әдеп туралы» тақырыбында, 2-отырыс 21.11.2024 ж «Педагогикалық ұжымның педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша әлеуметтік желілерде жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы» тақырыбында, 3-отырыс 05.01.2025 ж «Кәсіби мәдениеттегі этикет: мұғалімнің сыртқы келбеті және педагогикалық әдептілік» тақырыбында, 4-отырыс 14.04.2025 ж «Педагог қызметкерлердің 2024 жылғы педагогикалық әдеп жөніндегі қағидаларды сақтауы мониторингінің нәтижелері туралы» тақырыптарында өтілді. Ал, биылғы 2025-2026 оқу жылында жұмыс жоспары бекітілді. 1-отырыс 21.09.2025 ж «Педагогикалық этика нормалары және ережелерін сақтау міндеті» тақырыбында, 2-отырыс 16.11.2025 ж «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» және «Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу» туралы тақырыптарында кеңес отырыс өткізілді. Мектебімізде барлығы 58 педагог қызметкер жұмыс істейді. Мектебіміздегі жас мамандарға оқушылармен ортақ тіл табысу, ынтымақтастық қарым-қатынас жасай білу жайлы орта, жоғарғы буын мұғалімдеріміз ақыл, кеңестерін беріп отырады. Әр мұғалім өз жұмысына тиянақты қарап, жұмысын атқарып келеді. Биылғы оқу жылында мұғалімдер арасында ешқандай түсініспеушіліктер болған жоқ. Бүгінгі күнде әр педагог қызметкер өзара сыйластықты берік ұстанған, білімді де жаңашыл ұстаздар.

Мектебіміздің ұстаздары аудандық, облыстық семинар тренингтерге қатысып отырады. Атап айтсақ, химия пәнінің мұғалімі Құлжанбекова А.М. «Педидея» шығармашылық жобадан 1 орын алып республика жолдама алды.

Дене тәрбиесі мұғалімі Аманжолова Ж. Облыстық тоғызқұмалақ сайысынан 1 орын иеленді. Сондай-ақ, мұғалімдеріміз республикалық «Ауыл дарын» пәндік олимпиадаға 9-11 сынып оқушыларын қатыстырып, облыстық республикалық жүлдегерлер дайындап шығарды. «Зерде» 2-7 сыныптарға арналған ғылыми жобаға 6 сынып оқушысы Ғалым Р. Қатысып, облыстан жүлделі 2 орын иеленді, пән мұғалімі Қожабаева Б..

Қазақ тілі мен әдебиетінен де облыстық, республикалық пәндік олимпиадаға барып жүлделі орын алған оқушыларымыз бар. Пән мұғалімдері: К. Жантурсынова, М.Мусеева, А.Кутжанова. Мұғалімдеріміз ата-анаменде өте тығыз байланыс жасап отырады. Білім мен тәрбиені берік ұстанған тәжірибелі ұстаздарымыз көп.

<https://www.facebook.com/share/p/17aGCK1i2i/>

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы: М.А. Мусеева